

Қазіргі заңтанудағы рим құқығының ролі

Рансова Ш.Е.

аға оқытушы, С.Демирел университеті, «құқықтану» кафедрасы

Бүгінгі күні рим құқығының құндылықтарын түсіну күшейіп, оны толығырақ зерттеу мен оқытудың қажеттілігі артып отыр.

Рим құқығы – кәсіби құқықтық білім алудың методологиялық базасы, құқықтың негізгі салаларының және салыстырмалы құқықтануды түсінудің негізі болып табылады. Сондықтан да рим құқығын зерттеудің маңызы артуда.

Рим құқығын білмей, құқықтық ойлау логикасын, қазіргі құқық салаларын оқып-тану, жалпы алғанда шынайы маман-заңгер болу мүмкін емес шығар. Рим құқығын оқу ең алдымен студенттердің бойында құқықтық ойлаудың фундаментін қалыптастыруға көмектеседі. Құқықтанудағы Рим құқығының ролі оның әлемдік мәдениеттің бір элементі болғандықтан да артуда. Ежелгі римдіктермен жазылған құқықтық жүйеге адамзаттың қызығушылығы себептерін әртүрлі авторлар әрқалай түсіндіреді. Бір авторлар рим құқығы қиын әлеуметтік күрес барысында қалыптасып және оның барысында көп нәрседен тартынып, ең жақсыны сақтап қалған деген пікір айтса, енді бір авторлар тобы римдіктер ең басынан құқықты сезім арнасынан бөліп алып, тәуелсіз етіп көрсеткен, дейді.

Кеңестік жылдары белгілі-бір объективтік және субъективтік себептерге байланысты рим құқығы оқу пәні ретінде және ғылым саласы ретінде де заң факультеттерінде өз орнын алмады. Өз кезегінде европалық елдерде сол кездері және бүгінгі күні де рим құқығы құқық салалары ретінде жетекші орында. Кеңестік мектептен рим құқығы мен латын тілі шеттетіліп, ол саладағы зерттеулер де ең төменгі дәрежеге жеткенді. Тек Москва Мемлекеттік университетінде ғана ескі мектептің профессорлары И.С.Перетерский мен И.Б.Новицкий бұл салада зерттеулерін сол дәрежеде жалғастырды. Дәл осы авторлар «Рим жеке құқығы» атты оқулығын жазып (1948ж.) ол бүгінгі күнге дейін Ресей және Қазақстан университеттерінің заң факультеті студенттері үшін ең жақсы оқулық ретінде сақталып отыр. Сонымен қатар И.Б.Новицкийдің 1958 жылы жарық көрген «Рим құқығы» оқулығы да жетекші рөлді алуда. Алайда 1917-1985 жылдары аралығында рим құқығы бойынша бірде-бір монография, И.С.Перетерскийдің Юстиниан дигесттері (М., 1956) бойынша кішігірім еңбегін есепке алмағанда, жарыққа шықпаған.

Перетерский мен Новицкий қайтыс болғаннан кейін рим құқығы заң факультеттерінде міндетті пән ретінде оқытылуы тоқтатылды. 70-80 жылдары тек кейбір алдыңғы қатарлы университеттерде ғана оны оқыту жалғастырылған болатын. Бұл кезекте көмекке рим құқығының тарихын зерттеушілер Н.А.Машкина және оның оқушылары Е.М.Штаерман И.Л.Маяк еңбектері рим құқығының құндылықтарын зерттеу бойынша көмекке келеді. Олар еңбектерін рим құқығы тарихына толық шолу жасап, рим жеке меншігі, міндеттеме, қылмыстық, отбасы құқықтарына да көңіл бөлген.

Рим құқығын зерттеудегі жағдай 1985 жылдан кейін жақсарған. Ол жалпы жеке құқыққа қызығушылықтың артуымен байланысты болды. Тарихшылар мен заңгерлер бұл салада мақалаларын, лекцияларын жарыққа шығара бастады. Тек 1995 жылы профессор В.А.Севельеваның «Рим жеке құқығы» атты таза құқықтық еңбегі жарыққа шығады. Н.Л.Дювернуа рим құқығының оқу қажеттігін айта отырып, «рим құқығы ғылымымен жаман танысу, бәрібір жақсы нәтижеге қол жеткізеді» деген екен. Бүгінгі күні рим құқығы Ресей жоғары оқу орындарының мемлекеттік стандарттарына енгізілген. Қазақстанда ол кейбір университеттерде ғана таңдау пәні ретінде оқу процесіне енгізілген. Алайда жаңа жағдайды түзейтін оқытушылық кадрлер де жетпейді.

Жоғарыда біз бүгінгі заңгерлерге рим құқығын оқытудың қажеттігін атап өткен болағынбыз. Рим құқығының бай мұрасын оқып-зерттеу, ғылыми-танымдық, сонымен қатар қолданбалы мақсаттарда да өте қажет. Осы салада зерттеу жүргізу үшін Ресейде 1994 жылы ресей ғылым академиясының Жалпы тарих институты және М.В.Ломоносов атындағы ММУ заң факультетінің өкілдері бірлесіп «Рим құқығын зерттеу орталығын» құрған және ол өз кезегінде «Ius antiquum» атты журнал шығара бастапты. Рим құқығының ғылыми проблемаларын, оларды жоғары оқу

орындарында оқытудағы проблемалар, осы саладағы жаңа зерттеулер өз шешімін журнал беттерінде табады деген сенімдеміз.

Бүгінгі күні рим құқығын оқытудың төменгі деңгейінің себептерінің бірі оның методологиялық, дүниетанымдық түсінігіндегі керітартпалық. Қазір тәжірибеде қолдана алмайтын құқықтық материалды оқудың қажеттігі қанша деген сұраққа бір заңгер «өмір бойы ғылыммен айналысқан атақты ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик менің ойымша (және көбісі менімен келіседі) табысты адвокат болып істей алатынына күмәнім бар» деген екен. Заңгер деп, судьямен сөйлесе алатын не прокурормен жеке таныс қызметкерді емес, гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі салаларында жоғары сауаты/білім бар адамды айтамыз. Рим құқығы пәні оқытушысының міндеті – рим құқығы материалы негізінде қоғамның жеке тұлғасы автономды жағдайын қорғау, әрбір жеке тұлғаның құндылықтарын танып бекіту, кез-келген құқықтық қатынасқа қатысушының еркін толық мойындау екенін көрсету болып табылады.

Рим құқығының қайнар көздеріне зерттеу жүргізе отырып, біз студенттерге әртүрлі құқықтық институттардың қалыптасуын көрсету мүмкіндігіміз бар. Сондықтан да рим құқығы заңи-танымдық пән ретінде заң факультеттерінің бағдарламаларында өзінің орнын алуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Е.А.Суханов, Л.Л.Кофанов. О роли изучения и преподавания римского права в России //Ius antiquum.-1998.
- 2.Дювернуа Н.Л. Значение римского права для русских юристов. –Ярославль, 1972
- 3.Жидков О.А. Избранные труды.-М., 2006
- 4.Ульянищев В.Г. О значении римского права и совершенствовании методологии его преподавания в современных условиях // Правоведение.-2000

Особенности регулирования отношений с участием национальных и иностранных инвесторов в Республике Казахстан

Абулхаирова А.М.

*Атырауский государственный университет
имени Х. Досмухамедова*

В современных условиях все более актуальными становятся вопросы, связанные с регулированием инвестиционных отношений и осуществлением инвестиционной деятельности. Устойчивое экономическое развитие любого государства невозможно без единой и взвешенной инвестиционной политики, направленной на рациональное и эффективное использование инвестиций и создание благоприятного инвестиционного климата. В этой связи, как бы высока ни была роль иностранных инвестиций, нельзя недооценивать значение национальных (отечественных) инвестиций.

Сегодня приходится признать, что только с помощью иностранных инвестиций не добиться значительных результатов, так как привлечение иностранного капитала в экономику нашей страны осуществляется посредством реализации отдельных инвестиционных проектов, и носит разрозненный характер, то есть иностранные инвесторы выбирают предпочтительные для них объекты инвестирования, а остальные отрасли и сектора экономики остаются без должного внимания. Все это приводит к тому, что одни отрасли экономики развиваются, а другие, наоборот, приходят в упадок. В целом, общий экономический эффект от привлечения иностранных инвестиций снижается за счет того, что основные отрасли экономики отстают в развитии [1].

Первым шагом в направлении устранения различий между правовыми режимами иностранных и национальных инвестиций стало принятие 28 февраля 1997 года Закона Республики Казахстан "О государственной поддержке прямых инвестиций", так как, во-первых, началось формирование специального законодательства Республики Казахстан перешло на инвестициях; и, во-вторых, инвестиционное законодательство Республики Казахстан перешло на качественно новую ступень своего развития в силу трех основных факторов: